

ҚАЗАҚТЫҢ НИЯЗ БАТЫРЫ

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы, Қарағанды облысының 80 жылдық мерейтойлары қарсаңында, 18-мамыр Халықаралық музей күні, Осакаров ауданының тарихи-өлкетану музейінде, баһадүр тұлға Сайдалы Нияз батыр мүсінінің салтанатты ашылу рәсімі болып өтті.



батыр Алашқа келер осынау азаттықтың шын пейілімен Алладан тілеген деседі. Нияз батыр Барқыұлы, Сайдалы Нияз деп те аталады, XVIII-ғасырда өмір сүрген белгілі би, батыр. Шамамен 1680 жылдары туған, 1760-жылдары қайтыс болған. Тегі Орта жүз, Арғын тайпасының Қуандықтан тарайтын Сайдалы-Барқы атасынан. Орта жүздің билеушісі Сәмеке ханның бас уәзірі, Сәмеке қайтыс болғаннан кейін хан сайланғанша, Түркістан мен оның төңірегіне билік жүргізген мемлекет қайраткері. Тәуке ханның немересі Әбілмәмбетті қолдап, хан көтерген игі жақсылардың бірі. Алғыр шешен, байсалды ақылман, табанды қайраткер ретінде Ресей әкімшілігіне де айрықша пікір туғызғаны жөнінде жазба деректер де баршылық. 1737 жылы қазақтың аға ханы етіп Әбілқайырды сайлағанда Қаздауысты Қазыбек бастаған алты алаштың ірілерінің, ел сенген жақсылардың

қатарынан көрінген. Ол, сондай-ақ, Абылайдың Бұхара, Хиуа хандарына қарсы, қырғыздарды Қазақ хандығына қарату жорықтарына қатысқан. Осы соғыстардан кейін, Абылай хан Ниязға Ташкент қаласы төңірегіндегі аймақты билеуге берді деген аңыз бар. Сонда билік жүргізіп, қартайған шағында Қазыбек бабамыз бастап, жоңғар басқасын) Сарыарқаға бастап әкелгенде, осы Сарыбел өңіріне (Қарағанды-Ақмола облыстарының ағасатын тұсына) XVIII ғасырдың қырқыншы жылдарында тұтас өулетімен келіп, қоныс теуіпті. Бір шеті Ақмола облысындағы Ереймен тауларынан басталып, қасиетті Астанамаз тұрған аймақты шола алғанда, қазіргі



Қарағанды облысының өңірі, Алтай Нияз-Сарыбелдің адыр-төбелері, қырат жоталарың жайлаған жері болғаны бізге тарихтан мөлім. Сол себепті де, бұл мүсіннің Осакаров ауданының тарихи-өлкетану музейі гимаратынан

Конференцияға қатысушы көрнекті ғалымдар мен тарихшылар, жергілікті зиялы қауым өкілдері, сондай-ақ, аудандық ардагерлер алқасының көшілгері азаматтарына аудан аты өзінің тарихи «Сары бел» атымен, ал Осакаровка кенті «Нияз батыр» есімімен аталса деген игі тілек те айтылды. Осыдан кейін бөлкім ауданымыздың аты өзгеріп қалуы да ғажап емес... Атау жайлы кейінірек, жиынға оралсақ, Темірғали Әбділдаұлы толқумен тебірене сөйлеп, Серік Ақсұңқарұлы сырлы жырғынан сыр шертіп, Мирас Асан арнау өлеңін ағыла жеткізсе, Ержан Базарбаев мырза Иман Жүсіптің толғауын әуелете шырқады. Жиын соңында, тобықтай түйін айтылып, жасалынып жатқан игі шаралардың бірі, бүгінгі «Нияз батыр» мүсінінің ашылуы, сөзі мен ісі үнемі үндесіп, ата-баба мұраттарын қадірлеу, саналы ғұмырын ат үстінде өткізген ерлеріміздің ерлігін келер ұрпаққа аманат етіп жеткізу, есімін қайта жаңғыртып, ауданымызға мүсін орнату ерлер рухына деген тағзымның куәсі болды.

орын алуы кездейсоқ дүние емес, керісінше тағлымы зор, маңызды шара. Салтанатты жиынды аудан әкімі Қайрат Шайжанов бастап, Еліміздің еркіндігі жолында қаруын асынып, саналы ғұмырын ат үстінде өткізген ерлеріміздің ерлігін келер ұрпаққа аманат етіп жеткізген ер есімін қайта жаңғырту, мүсін орнату ерлер рухына деген тағзым екенін айтып өтті. Көптен күткен ұлы сәт демекші, «Нияз батыр» мүсінін ашу құрметі Қайрат Абдоллаұлы, батыр ұрпағы Темірғали Әбділдаұлы және Байқоңыр Иманжанұлына табысталып, дүйім жұртқа батыр бейнесін паш етті. Шашу шашылып, Қойлыбай Асан мырза арнау өлеңін оқыған бұл шараны көргенде арманда, көрмегенде арманда десек артық емес. Әсері бөлек игі шара «Нияз батырға» арналған ғылыми-практикалық конференциясымен жалғасты.

Ел ерсіз, жер тарихсыз болмайды. Бүгінгі ұрпақ туып-өскен ортасының өткенін, елінің тарихын, осы өңірден абыройлы азаматтарын танып, біліп, олардың бойына ұлтжандылық, туған жеріне отанына сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру жолында жасалып жатқан ұлы істің басы қасында жүріп, мұрындық болған барша азаматтарға және аудандық тарихи-өлкетану музейінің ұжымына аудан әкімі алғысын білдірді.

Г. ПОРАЕВА

Жүсіп

Иман

Кешегі

Нияз

бастаған

атақты

батыры,

алғыр шешен,

табанды

қайраткер

Нияз

батыр

мүсінінің

ашылуы.

Мемлекетіміз

егеменді ел

атанып,

бабаларымыздың

сан ғасырлық

мұраты болған

Тәуелсіздікке

қол жеткізгелі

бері халқымыздың

тарихы бір-шама

түгелделіп,

келешек ұрпаққа үлгі етер

ұлағатты жұмыстар

жасалуда. Соның бірі

Арғын тайпасының

белгілі биі,

ері қол бастаған

атақты батыры,

алғыр шешен,

табанды қайраткер

Нияз батыр мүсінінің

ашылуы.



Қарағанды облысының өңірі, Алтай Нияз-Сарыбелдің адыр-төбелері, қырат жоталарың жайлаған жері болғаны бізге тарихтан мөлім. Сол себепті де, бұл мүсіннің Осакаров ауданының тарихи-өлкетану музейі гимаратынан